

№5 жалпы білім беретін мектебі кмм
Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасарларының 2023-2024 оқу
жылындағы 01.09.2023жыл-01.03.2024жыл аралығында атқарылған
жұмыстар бойынша есебі

Абай ауылы

01.04.2024ж

Тәрбие жұмысында нормативті құжаттарды басшылыққа алып бірыңғай талапта толтырылуы қадағаланды. Бастауышта(1-4сыныптар) 10сынып және МАД 2 топ, орта және жоғары (5-11 сыныптар) сынып 18, барлығы 28 сынып бар. Барлық сынып жетекшілер 2023-2024 оқу жылына жылдық жоспарын жасақтап жоспар бойынша әр апта сайын сынып сағаттарымен бірге ЖЖЕ туралы оқу курстары да өткізілуде. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» негізінде «Ұлттық мүдде», «Талап», «Ар-ұят» құндылықтары негізге алынып тәрбие жұмыстары жүргізілді. Одан бөлек мекемелермен бірлескен іс-шаралар аясында жүргізілуде. «Тоғыз айға 9 іс-шара», «Төрт тоқсанға – төрт өнер» тұжырымдамалары арқылы іс-шаралар уақытылы өткізілуде. Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасын іске асыру қызметі негізінде мектеп пен отбасының өзара әрекеттесуі бағыты бойынша позитивті ата-ана болу мәдениетін арттыру үшін мектептің күш-жігерін ата-аналар қоғамымен біріктіру мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы ашылып, іс-шара жоспарына сай жұмыстар жүргізілуде. «Даналық мектебі» клубы құрылып, онда «Әкелер мектебі», «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», және «Ағалар мектебі», «Жеңгелер мектебі» ұл мен қыз тәрбиесіне бағытталған жұмыстар атқарылуда.

Сынып сағаттары «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» құндылықтарына негізделіп жоспарланды. Сынып сағаттары 1-4 бастауыш, 5-7сынып орта буын және 8-11 сынып жоғарғы буын жас ерекшеліктеріне сай жасалынып өткізілуде. Сынып жетекшілер өткізген апта сайын өтілетін сынып сағаттары электронды журналға жазылады және тәрбие бойынша атқарылған жұмыстары сондай-ақ әлеуметтік желіге жариялау жұмыстары да жолға қойылған. Сынып жетекшілер мен тәрбиешілерге отырыс өткізіліп тәрбие бағытында ауданнан, облыстан қосымша мекемелерден келіп жатқан хаттар, қосымша жұмыстар да қосымша ақпараттар арқылы уақытылы өткізіліп жүр. Мысалы атап айтқанда: 1 қыркүйек «Білім күні» салтанатты жиыны атап өтіліп, оқушылар жас ерекшеліктеріне сай «Мектебім – мейірбан мекені», «Менің алғашқы ұстазым», «Сәлем жаңа оқу жылы» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. Қыркүйек айында жол ережесін білу, балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бастауыш сынып оқушыларымен "Жол белгілерін танып біл," «Абайлаңыз балалар», «Жол ережесін білейік – аман-есен жүрейік» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді. «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында қыркүйек айында жаппай «Дене

сергіту» челленджі өткізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» мәдениетті қалыптастыру мақсатында «01.09-09.09.2023ж аралығында «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында апталық өткізілді. 12 қыркүйек «Отбасы күніне» орай «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбында сынып сағаттары, отбасылық бейнероликтер түсіру өткізілді. 5-11 сынып оқушы ұлдары арасында ұлдар жиналысы, 5-11 сынып қыздары арасында қыздар жиналысы болып өтті. Жиналыста «Жігер» ұлдар клубы төрағасы, «Жібек» қыздар клубы төрайымы сайланып тәртіп, салауатты өмір салты, жасөспірімдер гигиенасы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Қазақстан тілдер күніне арналған «Туған тілім -Бабам тілім, өз тілім» тақырыбында челлендж өткізіліп жолданды. Тілдер мерекесіне орай А.Байтұрсынұлы туған күніне орай «Тіл тазалығы», Қ.А.Ясауидің 930 жылдығына орай «Қ.А.Ясауи – түркі халықтарының ар мен жан тазалығын дәріптеушісі» тақырыбында 8-9 сынып оқушыларымен сайыс сабақтар өткізілді. «Тіл мерейі-ел мерейі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. 7 сыныптар.«Төрт тоқсанға - төрт өнер» жобасы аясында І тоқсан :«Жас шығармашыл ақындар» сайысы өткізілді. Мектеп оқушылары өз шығармашылықтарынан және туған өлке ақындарының шығармаларынан өлеңдер оқыды. т.б.

1 қазан «Қарттар күні» мерекесіне орай бастауыш сыныптармен «Отбасы мейірім мекені» ашық тәрбие сағаты, сынып сағаттары, «Қарттарым қазынам» 5-9 сынып оқушылармен сынып сағаттары өткізілді. 10 сынып оқушылары ардагер ұстаздарға көмек қолын созу, құрметтеу мақсатында «Ардагерге құрмет» көрсетіп кездесті. Адалдық сағаттары өткізілді. Ұшқыр ой дебат клубы жоспарына сай 9-10 сынып оқушыларымен «Жаңа күн – жаңа Қазақстан» атты дебат өткізілді. «Өзін-өзі басқару» жұмысын жандандыру, АББ хатына сай «Дублер күні» өткізілді. «Ұстаздар күніне» орай мерекелік апталық өткізілді. Апталықта қабырға газеттері, мәнерлеп оқу, сурет салу, көңілді күн тренингтері, сауалнамалар, ашық тәрбие сағаттары т.б. ұйымдастырылып өткізілді. Балалардың өмір, жол қауіпсіздігі бойынша құқық қорғау, жол полиция қызметкерлерімен кездесу өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. "Жеткіншектің жеті Жарғысы" жобасы аясында «Бес нәрсеге асық бол» бастауыш буынмен, ««Өнегелі өмір» 10-11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел өткізілді. Қазан айында «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Әкем айтқан нақыл сөз» сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Қазан айында «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында жаппай «Әнұран айту» іс-шаралар өткізілді. «Ғаламтор қауіпсіздігі» «Отбасылық дәстүрлер» бойынша бастауыш сынып оқушылары ата-аналарымен отбасылық дәстүрлерден бейнероликтер ұсынды. Бастауыш сынып 3-4 сынып оқушы қыздарымен «Күз ханшайымы», 8-11 сынып оқушы қыздарымен «Күз аруы» байқауы өткізілді. Одан бөлек «Өзін-өзі» басқару ұйымы жасақталып, президент сайлауы өткізіліп, «Адал ұрпақ» еріктілер клубы мүшелері сайланды.

Каникул кезінде оқушыларға мектепте түрлі үйірмелер жұмыс жасады. Волейбол, мини футбол, тоғызқұмалақ, шебер қолдар, шахмат, жас эколог т.б. Оқушылармен спорттық жарыстар ұйымдастырылды.

Қараша айының басында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Үздік оқырман» сыныптан тыс іс-шарасы, бастауыш сынып оқушыларымен «Кітап біздің досымыз» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өткізілді. «Қоржын» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып 3 оқушыға киім және оқу-құралдары әперілді. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында бастауыш 4-сынып оқушыларымен «Әкеге ізет-анаға құрмет» сыныптан тыс ата-аналарымен бірлескен іс-шара және 4-сынып оқушыларымен «Оян ар мен адалдық» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Қараша айы «Тоғыз айға- 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында бастауыш сыныптар және 5-11 сынып оқушыларымен жаппай «Асық ату» ұлттық ойыны өткізілді. «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы негізінде арасында «Ұлттық ойындар» апталығы өткізілді. Апталық барысында бастауыш және 5-11 сынып оқушыларымен «Асық ату», «Арқан тартыс», «Тоғызқұмалақ», «Асық ату» «Айгөлек», «Бес тас» ұлттық ойындары өткізілді. «Дебат» фракциясы «Ауыл немесе қала» 7 сынып оқушыларымен дебат өткізілді. «Дүниежүзілік балаларды қорғау» күніне орай республикалық онкүндік өткізілді. Онкүндік аясында «Мен және менің құқығым» дебат, «Бала құқығы-асыл қазына» эссе жазу, «Бақытты балалық шақ» тренинг, сурет салу және сынып сағаттары өткізілді. «Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн белсенділік» акциясы ұйымдастырылып іс-шара аясында 6-7 сынып оқушыларымен флешмоб, «Бақытты отбасы-балалар көзімен» 9-11 сыныптармен шығарма, «Мен және менің отбасым» бастауыш 3-4-сынып оқушыларының эссе жазу, «Бақытты отбасы-балалар көзімен» 7-8 сынып оқушыларымен тренинг, «Зорлық-зомбылықтан қорғау ардың ісі» 10-11 сыныптармен пікірталас, «Отбасы және бала тәрбиесі» тақырыбында ата-аналар жиналысы, Келес АПБ жергілікті полиция қызметкерлерінің қатысуымен жиналыс, түсіндірме жұмыстары өткізілді. 16 желтоқсан Тәуелсіздік мерекесіне орай өзін-өзі басқару ұйымы «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында челлендж жолданды. Мерекеге орай «Біз тәуелсіз елміз» бастауыш сыныптармен сыныптан тыс іс-шара, «Тұғыры биік Тәуелсіздік» тақырыбында 2 сынып оқушыларымен ашық тәрбие сағаттары, бастауыш сынып оқушылары арасында «Біз тәуелсіз елдің ұланымыз» челлендж өткізілді.

Осы айда «Республикалық бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына» «Жас ұлан» ұйымына 5 сынып оқушыларын және «Жас қыран» балалар ұйымына 2 сынып оқушылары өткізу салтанатты жиыны болып өтті. Барлығы «Жас қыран» тобына 2 сынып 57 оқушы, «Жас ұлан» жасөспірімдер тобына 63 оқушы қабылданды.

Желтоқсан айы «Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында «Менің болашағым» тақырыбында бастауыш сынып оқушылары эссе, 4 сынып оқушылары және 5-8 сынып оқушылары шығарма жазды. «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбында қыздар жиналысы өткізілді. «Әкеңнің түріне

сенбе- еткен еңбегіне сен» тақырыбында «Әкелер кеңесінің» қатысуымен ұлдар жиналысы өткізілді. «Қаржылық сауаттылық», «Қаржылық сауаттылық және интернет алаяқтық пен қаржы пирамидаларының қауіптігі» тақырыптарында түсіндірме жұмыстары және сынып сағаттары, сыныптан тыс іс-шара өткізілді. Жаңа 2024 жылды қарсы алуға «Қош кел Жаңа жыл» тақырыбында 1-4 сынып оқушыларымен ертеңгілік, 5-7 сынып оқушыларымен мерекелік іс-шара, 8-11 сынып оқушыларымен өткізілді. Мектептің отбасымен өзара әрекеттесуі барысында тамыз айында, және I, II тоқсанда ата-аналар жиналыстары өткізілді. Одан бөлек әр сыныпта тоқсан сайын ата-аналар жиналысы өткізілуде және 5-11 сыныптардың ата-аналарына пән мұғалімдерімен бірлескен жиналыс өткізілді. Жиналыс барысында оқушылардың жалпы тәртібі туралы айтылды соның ішінде мектеп формасы, сабаққа қатысуы, дайындығы, мектеп мүлкін сақтауы, қоғамдық жұмыстарға белсене араласуы т.с.с. Ата-аналар мектеппен үнемі байланыста. Ата-аналар комитетінің төрағасы Ш.Бегімбетов аптасына 1 рет келіп мектептің, оқушылардың тәртібі, хал-ахуалымен танысып, ата-аналар комитетінің мүшелерімен, «Әкелер мектебі», «Әжелер алқасымен» мектепте ашылған ата-аналарды қолдау орталығында кездесулер өткізілді.

Мобильді топ кесте бойынша аптасына бір рет және қажетіне қарай мереке күндері түнгі рейдке шығып отыр.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» тұжырымдамасы аясында қаңтар айы «Қазақ есебі». Осыған орай 1-4, 5-11 сынып оқушыларымен жас ерекшеліктеріне сай А.Жұмаділдаевтың авторлық есептерін шығаруға арналған іс-шара өткізілді. Қазақтың жыл санау, қарыс, елі т.б. ұлттық есептеу дәстүрі бойынша сабақтар өткізілді. Ал осы тұжырымдама негізінде ақпан айы «Оқуға құштар». «Кітап оқу челленджі өткізілді.» «Төрт тоқсанға – төрт өнер» тұжырымдамасы бойынша 3 тоқсан «Ұлттық қолөнер». Осыған байланысты ұлттық тақырыптағы іс-шаралар да өткізілді.

6-11 сынып қыздарымен «Қыз намысы-ұлт намысы» тақырыбында қыздар жиналысы өтіп, қыз тәрбиесіне көңіл бөлініп, қыздардың жаман әдеттерден бойын аулақ ұстау, жан, тән сұлулығы, гигиенасы т.б. және «Ерте жүктіліктің алдын-алу» бойынша 9-11 сынып қыздарымен денсаулық сақтау қызметкерінің қатысуымен жиналыс өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сол сияқты ұл тәрбиесіне қатысты «Әкелер мектебінің» қатысуымен «Ұлдар» жиналысы болып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларымздың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында «Қаржылық сауаттылық және интернетке тәуелділік», «Қаржылық пирамиданың қауіптілігі» тақырыптарында 8-9 сынып оқушыларымен сынып сағаттары өткізіліп, «Цифрлық кибер қауіпсіздік», «Қаржылық сауаттылық» тақырыптарында 7-11 сынып оқушыларына ұсынылған мультипликациялық бағдарламалар мен бейнероликтер көрсетілді. «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында ата-аналармен жалпы жиналыс болып өтті. Онда құқықбұзушылықтың алдын-алу, интернет

қауіптілігі, мектеп формасы, оқушылардың сабаққа қатысуы, кибербуллинг т.б. мәселелер қамтылды. Абай ауылындағы «Әділ билер» жанынан құрылған топ мүшелерімен бала тәрбиесіне қатысты ата-аналармен кездесу өткізілді. «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында 5 сынып оқушылары мен атаналарының бірлескен «Толағай» отбасылық спорттық сайыс өткізілді. Сайысқа 5а, 5ә, 5б сынып ата-аналары отбасымен сайысқа түсті. 1-ші сынып ата-аналарымен «Отбасылық таланттар» байқауы өткізілсе, 5-8 сынып ата-аналарымен «Әр нәрсенің өлшемі бар» тақырыбында сабақ өткізілді. «Ата-аналар мектебі», ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына 5-6 сынып және 1-сынып ата-аналарымен «Үйрен жақсы әдеттен» тақырыбында ата-аналармен сабақ өткізілді. «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Туған өлке ақындарының шығармалары», 3-4 сынып және 8-9 сынып оқушыларымен шығармашыл ақындар, және мәнерлеп оқудан байқау және 1-11 сынып оқушыларымен «Мектептегі мінез-құлық ережелері», 10 сынып оқушыларымен «Сен және Заң» сынып сағаттары өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында бастауыш 4 сынып оқушыларымен «Мен оқыған бір ертегі» тақырыбында сынып сағаттары, «Мақал -сөздің азығы-жұмбақ – ойдың қазығы» сынып сағаттары, 6 сынып оқушыларымен «Парасатты ұрпақ-жарқын болашақ кепілі» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өткізілді. «Оқу сағаты» 20 минуттық кітап оқу сағаттары аптасына 1 рет ұйымдастырылып өткізілді.

Құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың, діни экстремизмнің алдын алу, болдырмау мақсатында 9-11 сынып оқушыларына мамандармен кездесулер, 5-7 сынып оқушыларына сурет салу, 8-9 сынып оқушыларына дөңгелек үстел, 5-11 сынып эссе жазу сияқты іс-шаралар ұйымдастырылды. Бірыңғай эссе жазу сағаты 8-9 сынып оқушылары «Мен депутат болсам», «Мен әкім болсам» тақырыптарында, 7-11 сынып оқушылары «Мен үлгі тұтатын адам» тақырыптарында жазды. «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Қалдықты табысқа айналдыр» тақырыбында 2 сынып оқушылары сынып сағаттарын өткізді. «ДОСБОЛІКЕ» «Достық қолыңды ұсын» акциясы өткізілді. Акция аясында «Достық қолын ұсын», «Протяни руку дружбы» тақырыптарында 6-9 сынып оқушыларымен мәнерлеп оқудан сайыс, тақырыпқа сай өзін-өзі басқару ұйымының бейнероллик, челленджері жолданып, «Шын жүректен тілек айту» еріктілік іс-шарасы, «Көңілді үзілістен үзінді», «Досыңмен бір фото», бастауыш 3 сынып оқушылары арасында «Достық» тақырыбында мақал-мәтелден сайыс, 10 сынып оқушыларымен «Squid Game» тақырыбында кіші зияткерлік академиясы интеллектуалды сайысы т.б. өткізілді. Ата-аналармен, оқушылармен жиналыс өткізіліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында Абайдың «Толық адам» ілімін насихаттау бойынша 4 сынып оқушыларымен сынып сағаттары, 9 сынып

оқушыларымен пікір алмасу, «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» 5 сыныптар арасында танымдық сайыс сабағы ұйымдастырылды. Ақпан айының 26-сы күні «Отбасы – тәрбие іргетасы» тақырыбында аймақтық семинар өткізілді. Онда отбасылық құндылықтар, бала тәрбиесіне қатысты ата-аналармен және оқушылармен ашық тәрбие сағаттары, «Баланың тәрбиесіне жауапты ата-ана....» тақырыбында дебат, «Әкем, анам, бауырларым және мен» отбасылық сайыс, «Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі» тақырыбында психологиялық тренинг, «Мамандық таңдауда ата-ананың ықпалы» тақырыбында дөңгелек үстел, «Баланың басты ұстазы-ата-анасы» тақырыбында сахналық қойылым көрсетілді. т.б. «Біз қамқоршы боламыз, құстарға ұя саламыз» 4-5 сынып оқушыларымен сыныптан тыс іс-шара ұйымдастырылды. 1 наурыз «Алғыс айту күніне орай» «Алғыс айту парызым» 5-11 сынып эссе жазу, «Алғыс айту - парызым» челлендж, «Қазақстан – бақыт мекені», «Халықтың алғысы ұлы марапат», «Тарих габраты» 11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстел, ұлттық ойындар өткізілді. Наурыз айында «Еңбегі ерен жас өрен» жобасы аясында «Үміт сәулесі» акциясы, «Табысты тұлға» 5-11 сынып оқушыларымен қолөнер көрмесі өткізілді. «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Мың алғыс», «Мен оқыған бір ертегі» 1-4, 5-7 сынып оқушыларымен сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды. Наурыз айы «Домбыра party» «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында челлендж өткізілді. Челлендж аясында оқушылар «Адай», «Ерке сылқым» күйлері бір мезгілде тартылды. 8 наурыз халықаралық әйелдер күні мерекесі аталып өтілді. Сыныптан тыс іс-шаралар, тәрбие сағаттары өткізілді. Ерекше білімді қажет ететін оқушылармен көңілді старттар өткізілді. «Армысың әз-Наурыз» онкүндігі аталып өтілді. Көктемгі каникул кезіне оқушылардың каникул, бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында іс-шара жоспары түзіліп жоспарға сай жұмыстар атқарылды.

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:  Г. Сулейменова
 - Г. Артық